



050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ
07.24. 2020 ж. №52

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№52 от 24.07. 2020 г.

**Алматы қаласының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 19 шілдедегі №49 қаулысына
өзгертулер мен толықтырулар енгізу**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID – 19 коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №49 «Алматы қаласы аумағында қатаң шектеу шараларын одан әрі жүргізу туралы» қаулысына (бұдан әрі – БМСД №49 Қаулысы) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

БМСД №49 қаулысы 4 тармағының 10 және 13 тармақшалары келесідей редакцияда жазылсын:

« 10) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, пошталық және қаржылық қызметтер көрсету үшін жұмыс күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, "Қазпочта "АҚ АФ" Алматы почтамт " бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру;

« 13) жұмыс және демалыс күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, бизнес-орталықтардың (нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері және т.б.) жұмысын ұйымдастыру.».

БМСД №49 қаулысы 9 тармағы келесідей редакцияда жазылсын:

« 9. Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы: аптасына 3 рет көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен аула аумақтарына, сондай-ақ көшелер мен жалпы пайдаланылатын орындарға, көп пәтерлі тұрғын үйлердің ошақтық кіреберістеріне дезинфекциялық өңдеу жүргізуді қамтамасыз етсін. "Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы "ШЖҚ РМК филиалы" шиктөран

адамның тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша қорытынды дезинфекциялық өңдеу жүргізуді қамтамасыз етсін.»

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин